

Құрметті Жас достар! Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөліміне жаңадан келіп түскен әдеби кітаптармен танысыңыздар!



Файзуллаұлы Ә.
Өтірік айтпайтын күн.
Әңгімелер, ертегілер, ертегілер, хикаят,
аңыз-дастандар, сахналық қойылымдар
/ Әлібек Файзуллаұлы. – Алматы: «Таймас»
Баспа үйі, 2021. – 272 бет.

Әдебиет әлеміне келген уақыттан балаларға базарлық жасап, барқыт кілем өмірден өрнек іздеп, ой түйіндеген белгілі жазушы Әлібек Файзуллаұлы тағы да жасөспірімдер кітапханасы сөресіне «Өтірік

айтпайтын» күн атты туындысын ұсынып отыр.



Асқар О.
Ауыл балалары мен қала балалары. Өлеңдер, ертегілер, поэмалар, жұмбақтар жаңылтпаштар / Оразақын Асқар. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2021. - 240 бет.

«Ауыл балалары мен қала балалары» деп даралауымыз шартты ұғым. Ол бөлу емес, қайта тұтастырып, қоса түсу. Әдетте ауыл баласы «барсам» деп қаланы аңсайды. Қала баласы «көрсем» деп ауылды көксейді. Осы табиғи ұмтылыстар Оразақын өлеңдерінде нанымды да заңды, көркем де көңілді көрініс табады. Жинаққа өлеңдер, ертегілер, поэмалар, жұмбақтар, жаңылтпаштар енген. Кітап балабақшада тәрбиеленуші балалар мен мектеп оқушыларына арналған.



Оспанов С.
Қоңырау. Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, аңыздар / Сейфолла Оспан. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2021. - 240 бет.

Белгілі ақын С. Міркемелұлының «Қоңырау» атты кітабына балаларға арналған өлеңдер, жаңылтпаш-жұмбақтар, аңыз-ертегілер топтастырылған.



Шойбекова Г.

Тұғрылханның Көк Туы. Әңгімелер, хикаяттар/
Гүлзат Шойбекова. – Алматы. «Таймас» баспа үйі,
2021.- 240 бет.

Жасөспірімдер кітапханасының сөресі қалам ұшынан «Тоты аралының тұрғыны», «Өмір сүру ережесі» атты Туындылар туынқан жазушы, Қазақстан Жастар одағы Сыйлығының лауреаты Гүлзат Шойбекованың «Тұғрылханның Көк Туы» атты шығармасымен толығып отыр. Айтар ойы астарлы, шымыр шығарымда шынығып өскеен қазақ балаларының кешегі-

бүгінгі әртүрлі тағдыр- талайлары, болмыс-бітімі шынайы суреттеледі.



Кастрючин, Валерий

Ержүрек құмырсқа /Валерий Кастрючин; (орыс тілінен ауд. С.Бақтыгерей). – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2021.–72 б., илл.

Кітап жәндіктердің таңғажайып өмірі; амазонка-құмырсқалар мен орманның жирен құмырсқалары арасындағы шайқас; орманда адасқан жанның бәріне көмектесуге асығатын Жарқырауық қоңыз; ерекше тапсырма – ханшайым-дернәсілді құтқару жүктелген Лазиус атты құмырқаның басынан кешкен қызық оқиғаларын баян етеді.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған.



Жұманова З.

Күлайша, Рокфеллер және басқалар, Әңгімелер, хикаят, ертегілер, мысалдар, аудармалар/
Заря Жұманова. – Алматы : «Таймас» баспа үйі,
2021.- 240 бет

Кітап Күн көзіне күле қараған баладан, төрде таспих тартқан дананың талғам-тапазысына ортақ етіп жазылған.

Кітаптың «Өмір балалар көзімен» атты алғашқы бөлімінде әңгімелер, хикаят пен аударма шығармалар, ал «Алақай-ау, алақай!» атты екінші бөлімінде заманауи ертегілер мен мысалдар топтастырылған



Байханова, Серік

Сара апамның сабақтары. Өзінді өзін танып ал/ Серік Байханов. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 80 б.


«Бөбек» қорының президенті Сара Алпамысқызының «Өзінді тану» бағдарламасының негізінде дайындалған бұл танымдық кітап балабақша тәрбиеленушілері мен төменгі сыныпта оқитын бүлдіршіндер үшін қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға өте қолайлы.



Сәрсеков А.

Алақай. Өлеңдер, ертегілер, мысал, хикаяттар, аңыз, мақалалар / Аскаржан Сәрсеков. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2021. – 240 бет.

Тараз топырағында туып-өскен қаламгер А. Сәрсековтің «Алақай» атты бұл кітабына өлең-тақпақтары, жұмбақ-жаңылтпаштары, ертегілері және «Айша бибі» аңыз дастаны еніп отыр.



Алдар көсе / Құраст. Г. Ақжолова. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 144б., ил.

Алдар көсе – қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері, ақылды айлакердің, зерделі қудың жиынтық бейнесі. Аңыз-әңгімелерде өзінің асқан айлакерлігі арқылы мұратына жетіп отырады. Алдар көсе қазақтың нанымдарында халықтың қамқоршысы ретінде белгілі. Оның әр қаракеті бай, менменсоқ, зорлықшыл адамдардың тәубесін есіне түсіріп, ақылмен алдап, ел алдында масқаралап, халық қошеметіне

бөленген.

Жинақта Алдар туралы әңгімелер беріліп, суреттермен безендірілген. Оқуға тілі жеңіл, оқиғасы қызықты.